



ҚАЛҚАМАН ЖҰМАҒҮЛОВ

**ЖҰМАҒҰЛОВ  
ҚАЛҚАМАН ТҰРСЫНҰЛЫ**

**Биобиблиографиялық көрсеткіш**

Алматы  
“Қазақ университеті”  
2008

ББК 87.3я7  
Ж 88

Жауапты редактор:

*химия ғылымдарының докторы, профессор З.А. Мансұров*

Құрастырушылар:

*т.ғ.д., профессор Ж.Қ. Таймағамбетов, т.ғ.д., профессор С.М. Мәшімбаев,  
т.ғ.к., доцент Е.Т. Қартабаева, т.ғ.к., доцент Г.С. Беделова*

Редакторлар:

*Д.Т. Нұрғалиева, Г.С. Коурдакова*

Ж 88 **Жұмағұлов Қалқаман Тұрсынұлы: Биобиблиографиялық көрсеткіш / Құраст.: Ж.Қ. Таймағамбетов, С.М. Мәшімбаев, Е.Т. Қартабаева, Г.С. Беделова – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 136 б., суреттер.**  
**ISBN 9965-30-456-4**

Ж 0301020000-339  
460(05)-08

ББК 87.3я7

**ЖУМАГУЛОВ  
КАЛКАМАН ТУРСУНОВИЧ**

**Библиографический указатель**

Алматы  
«Қазак университеті»  
2008

ББК 87.3я7  
Ж 88

Ответственный редактор:  
*доктор химических наук, профессор З.А. Мансуров*

Составители:  
*д.и.н., профессор Ж.К. Таймагамбетов, д.и.н., профессор С.М. Машимбаев,  
к.и.н., доцент Е.Т. Картабаева, к.и.н., доцент Г.С. Беделова*

Редакторы:  
*Д.Т. Нурғалиева, Г.С. Коурдакова*

Ж 88 **Жумагулов Калкаман Турсунович:** Библиографический указатель / Сост.: Ж.К. Таймагамбетов, С.М. Машимбаев, Е.Т. Картабаева, Г.С. Беделова. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 136 с., илл.  
ISBN 9965-30-456-4

Ж 0301020000-339  
460(05)-08

ББК 87.3я7

ZHUMAGULOV  
KALKAMAN TURSUNOVICH

Biobibliogrphis guide

ALMATY  
«Kazakh University»  
2008

ББК 87.3я7  
Ж 88

**Editor-in-chief:**

*Doctor of Chemical Sciences, Professor Z.A. Mansurov*

**Compilers:**

*Professor Zh.K.Taymagambetov, Professor S.M. Mashimbayev  
Dotcent E.T. Kartabayeva, Dotcent G.S. Bedelova*

**Editors:**

*D.T. Nurgaliyeva, G.S. Kourdakova*

Ж 88      **ZHUMAGULOV KALKAMAN TURSUNOVICH:** ulu: Biobibliogrphis  
guide /Autors: Zh.K.Taymagambetov, S.M. Mashimbayev, E.T. Kartabayeva,  
G.S. Bedelova. – Almaty: «Kazakh University», 2008. – 136 p.  
ISBN 9965-30-456-4

Ж 0301020000-339  
460(05)-08

ББК 87.3я7

ISBN 9965-30-456-4

© КазНУ им. аль-Фараби, 2008.

## **Оқырмандарға**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ғалымдарының биобиблиографиялары сериясының жалғасы болып табылатын бұл көрсеткіш ҚазҰУ-дың тарих факультетінің дүние жүзі тарихы кафедрасының меңгерушісі, ҚР ӨҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Қалқаман Тұрсынұлы Жұмағұловқа арналған.

Биобиблиографияға ғалымның өмірі мен 36 жылдық еңбегін сипаттайтын мәліметтер, оның еңбектері және ол туралы әдебиеттер енгізілген. Жарияланған қазақ, орыс, неміс тілінде еңбектер әрбір жыл көлемінде мерзімдік тәртіппен орналасқан.

Биобиблиография ғалымдар мен жоғары оқу орындарының оқытушыларына, докторанттарға, магистранттарға, студенттерге, дүние жүзі және отандық тарихымен айналысушы мамандар үшін пайдалы бола алады.



## К читателям

Предлагаемый указатель – продолжение серии биобиблиографий ученых Казахского национального университета имени аль-Фараби – посвящен заведующему кафедрой всемирной истории исторического факультета КазНУ, академику АСН РК, доктору исторических наук, профессору Калкаману Турсуновичу Жумагулову.

Биобиблиография включает материалы, характеризующие жизненный путь и творческую деятельность ученого, перечень его публикаций и литературу о нем.

Материал, помещенный в биобиблиографическом издании, отражает 36-летнюю трудовую и научную деятельность профессора К.Т. Жумагулова. Перечень его публикаций на казахском, русском и немецком языках расположен в хронологическом порядке по годам, так же как и литература о его жизни, профессиональной деятельности.

Данное издание будет полезно ученым, преподавателям вузов, докторантам, магистрантам, студентам, а так же всем, кто интересуется проблемами всемирной и отечественной истории.

## **To readers**

The proposed bibliography of proceedings is a continuation of the series of bibliographies of the scholars of al-Farabi Kazakh National University.

The bibliography is devoted to the head of world history department of historical faculty of KazNU, academician of ASS Dr. of Historical sciences Professor Zhumagulov Kalkaman Tursunovich.

This bibliography includes materials describing his life and work activities, list of publications and bibliography about him.

The materials are reflected his 36 years of experience in pedagogical and scientific spheres. The list of his publications are in Russian, Kazakh and German in chronological order within every year in alphabetical order.

It will be useful for scientists, lectures, researches, students and for all who are interested in problems of world and native history.

**Тарих ғылымдарының докторы, профессор,  
ҚР ӨҒА академигі Қалқаман Тұрсынұлы  
Жұмағұловтың өмірі мен ғылыми-педагогикалық  
қызметінің негізгі кезеңдері**

Қ.Т. Жұмағұлов 1948 жылы 1 қаңтарда Талдықорған облысы Қапал ауданының Арасан ауылында дүниеге келген.

1965 ж. – Арасан 11 жылдық орта мектебін бітіреді.

1965 ж. – С.М.Киров атындағы ҚазМУ-дың тарих факультетіндегі шет тілін тереңдетіп оқытатын арнайы бөліміне оқуға түседі.

1967 ж. – Қостанай облыстық комсомол комитетінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

1968 ж. – Гумбольдт университетінде (Берлин, ГДР) оқып, тәжірибе алған.

1968-1971 жж. – ҚазМУ-дың тарих факультетіндегі Студенттер ғылыми қоғамының төрағасы.

1969 ж. – Орта Азия және Қазақстан республикалары студенттерінің ғылыми конференциясында I дәрежелі дипломмен марапатталды.

1969 ж. – ҚазМУ-дың тарих факультеті студенттерінен құрылған "Тарихшы - 69" студенттік құрылыс отрядының (СҚО) комиссары.

1970 ж. – III Бүкілодақтық медиевистер конференциясында (Ленинград) естелік медалімен марапатталды.

1971 ж. - ҚазМУ-дың тарих факультеті студенттерінен құрылған "Тарихшы - 71" студенттік құрылыс отрядының (СҚО) командирі.

1971 ж. – Торғай облысы Жаңадала ауданының Құрмет грамотасымен марапатталды.

1972 ж. – тарих факультетінің арнайы бөлімін жалы тарих кафедрасы бойынша бітіреді.

1972-1976 жж. – ҚазМУ тарих факультеті жалпы тарих кафедрасының ассистенті.

1973 ж. - "ҚазМУ - 73" университеттің Біріктірілген СО отрядының командирі.

1973 ж. – Торғай облысы Қима аукомы мен ауаткомының Құрмет грамотасымен марапатталды.

1976 ж. – БЛКЖО (ВЛКСМ) Орталық комитетінің кеуде белгісімен марапатталды.

1978 ж. – М.В.Ломоносов атындағы ММУ жанындағы ФПК-да тәжірибе жинақтады (стажировка).

1978-1982 жж. – ҚазМУ-дың Халықтық бақылау Комитеті төрағасының бірінші орынбасары.

1976-1980 жж. – ҚазМУ жанындағы педагогикалық біліктілікті көтеру Институтының (ИППМ) деканы, ҚазМУ тарих факультеті Ғылыми Кеңесінің мүшесі.

1976-1984 жж. – ҚазМУ жалпы тарих кафедрасының доценті.

1977-1985 жж. – ҚазМУ-дың тарих факультетіндегі Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің төрағасы.

1979 ж. – ҚазМУ-дың Астрахан облысындағы Студенттік ауыл шаруашылық отрядының командирі.

1979 ж. – ҚазМУ-дың профессор-оқытушылық құрамы арасындағы социалистік жарыстың жеңімпазы медалымен марапатталды.

1979 ж. – ҚазМУ комсомол комитетінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

1982 ж. – КСРО ҒА Жалпы тарих Институтында (Мәскеу қаласы) бір жылдық ғылыми тәжірибе жинақтау.

1983 ж. – КСРО ҒА Жалпы тарих Институтында "Ежелгі германдықтардың аграрлық құрылысының мәселелері" атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғайды.

1983 ж. – ҚазМУ тарих факультетінің дипломымен марапатталды.

1983-1989 жж. - "КСРО-ГФР Қоғамы" Орталық Басқармасының мүшесі.

1983 ж. – КСРО делегациясының құрамында ГФР-ға іс-сапар.

1983 ж. – тарих факультеті партбюро хатшысының орынбасары.

1984 ж. – ҚазМУ тарих факультеті Құрмет грамотасымен марапатталды.

1984-1985 жж. – тарих факультеті партбюро хатшысы.

1984 ж. - осы уақытқа дейін ҚазМУ тарих факультеті Ғылыми Кеңесінің мүшесі.

1984 ж. – ҚазМУ Құрмет грамотасымен марапатталды.

1985 ж. - ҚазМУ тарих факультетінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

1985-1987 жж. – ҚазМУ тарих факультеті деканының оқу ісі жөніндегі орынбасары.

1986 ж., мамыр – БЛКЖО ОК-нің Құрмет грамотасымен марапатталды.

1987 ж. – ҚазМУ тарих факультетінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

1987 ж. – доцент ғылыми атағы беріледі.

1988 ж. – ҚазМУ Құрмет грамотасымен марапатталды.

1987-1992 жж. - Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ тарих факультетінің деканы, ҚазҰУ Ғылыми Кеңесінің мүшесі.

1989 ж. – М.В.Ломоносов атындағы ММУ жанындағы тарих факультеттерінің декандары стажировкасынан өтеді.

1990 ж. – ҚазМУ-дың Құрмет грамотасымен екі мәрте марапатталды.

1991 ж. – ҚазМУ-дың Құрмет грамотасымен марапатталды.

1991-2007 жж. - Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ерте дүние және орта ғасырлар тарихы кафедрасының меңгерушісі.

1993 ж. – қазіргі уақытқа дейін - "ҚазҰУ хабаршысы" журналының редколлегия мүшесі.

1994 ж. - Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Құрмет грамотасымен марапатталды.

1995 ж. – ДААД Халықаралақ грантының жеңімпазы, Майндағы Франкфуртта, Геттингенде іссапарда болды.

1997 ж. - "Халықтардың Ұлы қоныс аударуына дейінгі ежелгі герман қоғамы дамуының негізгі мәселелері" атты тақырыпта докторлық диссертациясын қорғайды.

1997 ж. - ДААД Халықаралақ грантының жеңімпазы, Геттинген университетіне іссапар.

1997-2000 жж. – ҚазҰУ-дың тарих факультеті магистратурасының жетекшісі.

1998 ж. – профессор ғылыми атағы беріледі.

1999 ж. – ҚазҰУ-дың Құрмет грамотасымен марапатталды.

1999 ж. – ДААД Халықаралық грантының жеңімпазы, Геттинген университетіне іссапар.

2000 ж. – ҚазҰУ-дың Құрмет грамотасымен марапатталды.

2001-2002 жж. – біруақытта ҚазҰУ-дың тарих факультетінің деканы.

2001-2003 жж. – ҚазҰУ Ғылыми Кеңесінің мүшесі.

2001 ж. – ҚР БҒМ-нің "ҚР ғылымының дамуына сіңірген еңбегі үшін" белгісімен марапатталды.

2003 ж. - ДААД Халықаралық грантының жеңімпазы, Билефельд университетіне іссапар.

2004 ж. - ҚазҰУ тарих факультетінің грамотасымен марапатталды.

2005 ж. - "Алматы облысы Ақсу ауданының Құрметті азаматы" атағы беріледі.

2006 ж. - "Құрмет" орденімен марапатталды.

2006 ж. - "2006 жылғы жоғары оқу орындарының үздік оқытушысы" Мемлекеттік грантының лауреаты.

2007 ж. – Тюбинген университеті (Германия) мен Сапиенза университетіне (Италия) шетелдік іссапар.

2007 ж. – ҚазҰУ-дың дүние жүзі тарихы кафедрасының меңгерушісі.

2007ж. – ҚазҰУ тарих факультетінің грамотасымен марапатталды.

2007ж. – ДААД Халықаралық грантының жеңімпазы, Тюбинген университетіне іссапар.

Докторлық және кандидаттық диссертациялар қорғау диссертациялық кеңесінің мүшесі.

"Жалпы тарих", "Отандық тарих", "Халықаралық қатынастар мен сыртқы саясат тарихы" мамандықтары бойынша докторлық және кандидаттық диссертациялар қорғау кеңестері төрағасының орынбасары.

**Основные даты жизни и научно-педагогической  
деятельности доктора исторических наук,  
профессора, академика АСН РК К.Т. Жумагулова**

К.Т. Жумагулов родился 1 января 1948 года в с. Арасан Капальского района Талды-Курганской области.

1965 г. – окончил Арасанскую 11-летнюю среднюю школу.

1965 г. – поступил на специальное отделение исторического факультета КазГУ им. С.М. Кирова с углубленным изучением иностранного языка.

1967 г. – награжден Почетной грамотой Кустанайского обкома комсомола.

1968 г. – стажировка-учеба в Гумбольдтском университете, Берлин (ГДР).

1968-1971гг. – председатель Студенческого научного общества (СНО) исторического факультета КазГУ.

1969 г. – удостоен диплома I степени на научно-студенческой конференции Республик Средней Азии и Казахстана (г. Фрунзе).

1969 г. – комиссар факультетского студенческого строительного отряда (ССО) «Историк – 69» КазГУ.

1970 г. – награжден памятной медалью на III Все-союзной медиевистической конференции (г. Ленинград).

1971г. – командир факультетского студенческого строительного отряда «Историк – 71» КазГУ.

1971г. – награжден Почетной грамотой Жанадалинского района Тургайской области.

1972 г. – окончил спецотделение истфака по кафедре всеобщей истории.

1972-1976 гг. – ассистент кафедры всеобщей истории исторического факультета КазГУ.

1973 г. – командир объединенного университет-ского ССО «КазГУ – 73».



1973 г. – награжден Почетной грамотой Тургайского обкома комсомола ЛКСМК.

1973 г. – награжден Почетной грамотой Кийминского райкома и райисполкома Тургайской области.

1976 г. – награжден нагрудным знаком ЦК ВЛКСМ.

1978 г. – стажировка по линии ФПК при МГУ им. М.В. Ломоносова.

1978-1982 гг. – первый заместитель Комитета Народного контроля КазГУ.

1976-1980 гг. – декан Института повышения педагогического мастерства (ИППМ) при КазГУ, член Ученого Совета исторического факультета КазГУ.

1976-1984 гг. – доцент кафедры всеобщей истории КазГУ.

1977-1985 гг. – председатель Совета профилактики правонарушений исторического факультета КазГУ.

1979 г. – командир Студенческого сельхозотряда КазГУ в Астраханской области.

1979 г. – награжден медалью победителя соцсоревнования среди ППС КазГУ.

1979 г. – награжден Почетной грамотой комитета комсомола КазГУ.

1982 г. – годовичная научная стажировка в Институте Всеобщей истории АН СССР.

1983 г. – защита кандидатской диссертации на тему «Проблемы аграрного строя древних германцев» в Институте Всеобщей истории АН СССР, г. Москва.

1983 г. – награжден дипломом исторического факультета КазГУ.

1983-1989 гг. – член Центрального Правления «Общество СССР-ФРГ».

1983 г. – поездка в ФРГ в составе делегации СССР.

1983 г. – зам. секретаря партбюро исторического факультета.

1984 г. – награжден Почетной грамотой исторического факультета КазГУ.

1984-1985 гг. – секретарь партбюро исторического факультета.

1984 г. – по наст. вр. – член Ученого Совета исторического факультета КазГУ.

1984 г. – награжден Почетной грамотой КазГУ.

1985 г. – награжден Почетной грамотой исторического факультета КазГУ.

1985-1987 гг. – зам. декана по учебной работе исторического факультета КазГУ.

1986 г., май – награжден Почетной грамотой ЦК ЛКСМК.

1987 г. – награжден Почетной грамотой исторического факультета КазГУ.

1988 г. – награжден Почетной грамотой КазГУ.

1987 г. – присвоено ученое звание доцента.

1987-1992 гг. – декан исторического факультета КазНУ им. Аль-Фараби, член Ученого Совета КазНУ.

1989 г. – стажировка деканов исторических факультетов университетов при МГУ им. М.В. Ломоносова.

1990 г. – награжден дважды Почетной грамотой КазГУ.

1991 г. – награжден Почетной грамотой КазГУ.

1991-2007 гг. – заведующий кафедрой истории древнего мира и средних веков КазНУ им. аль-Фараби.

1993 г. по наст. вр. – член редколлегии журнала «Вестник КазНУ. Серия историческая».

1994 г. – награжден Почетной грамотой КазНУ им. аль-Фараби.

1995 г. – победитель Международного гранта ДААД, командировка во Франкфурт-на-Майне, Геттинген.

1997 г. – защита докторской диссертации на тему «Основные проблемы развития древнегерманского общества до Великого переселения народов».

1997 г. – победитель Международного гранта ДААД, командировка в Геттингенский университет.

1997-2000 гг. – руководитель магистратуры исторического факультета КазНУ.

1998 г. – присвоено ученое звание профессора.

1999 г. – награжден Почетной грамотой КазНУ.

1999 г. – победитель Международного гранта ДААД, командировка в Геттингенский университет.

2000 г. – награжден Почетной грамотой КазНУ.

2001-2002 гг. – декан исторического факультета КазНУ.

2001-2003 гг. – член Ученого Совета КазНУ.

2001г. – награжден Знаком МОН «За заслуги в развитии науки РК».

2003 г. – победитель Международного гранта ДААД, командировка в Билефельдский университет.

2004 г. – награжден грамотой исторического факультета КазНУ.

2005 г. – присвоено звание «Почетный гражданин Аксуского района Алматинской области».

2006 г. – награжден орденом «Құрмет».

2006 г. – лауреат Государственного гранта «Лучший преподаватель вуза 2006 г.»

2007 г. – заграничная командировка в Тюбингенский университет (Германия) и университет Сапиенза (Италия).

2007 г. – заведующий кафедрой всемирной истории КазНУ.

2007 г. – награжден грамотой исторического факультета КазНУ.

2007 г. – победитель Международного гранта ДААД, командировка в Тюбингенский университет.

Член диссертационного совета по защите докторских и кандидатских диссертаций.

Зам. председателя диссертационных советов по защите докторских и кандидатских диссертаций по специальностям «всеобщая история», «отечественная история», «история международных отношений и внешней политики».

**Main stages of life and activities of Zhumagulov  
Kalkaman Tursunovich  
Doctor of Historical Sciences, Professor,  
Academician of ASS PK**

K. T. Zhumagulov was born on the 1 January 1948 in Arasan village of Kapal district in Taldy – Kurgan region.

1965 – finished the secondary 11-years school of Arasan.

1965 - entered Kazakh State University named after S. M. Kirov, Faculty of History, Specialized Department with profound studies of foreign languages.

1967 - was awarded with Diploma of Honour given by Kustanay Regional Committee of Komsomol

1968 - had training course at the University named after A. Gumbold, Berlin, GDR.

1968 – 1971 – Chair of Student Scientific Society (SSS), Faculty of History, KazGU.

1969 – was awarded with First Class Diploma at the scientific conference of Central Asian republics and Kazakhstan (Frunze).

1969 – a commissar of faculty student construction detachment (SCD) “Historian – 69”, KazGU.

1970 – was given a medal as keepsake of III All – Union Medieval Conference (Leningrad).

1971 - a commander of faculty student construction detachment (SCD) “Historian – 71”, KazGU.

1971 - was awarded with Diploma of Honour given by Zhanaly District of Turgay Region.

1972 – graduated from Specialized Department on World History, Faculty of History, KazGU.

1972 – 1976 – Lecturer of department of World History, Faculty of History, KazGU.

1973 - a commander of united university student construction detachment (SCD) "KazGU – 73".

1973 - was awarded with Diploma of Honour given by Turgai District Committee.

1973 - was awarded with Diploma of Honour given by Kaymin District Committee and Executive Committee of Turgay region.

1976 - was awarded by breastplate given by CC ALCYU.

1978 - training course at the University named after M.V. Lomonosov.

1978 – 1982 – the first deputy of Committee of People's Control of KazGU.

1976 – 1980 – the dean of the Institute of Pedagogical Skills' Improvement at KazGU, a member of Scientific Council of Historical Faculty, KazGU.

1976 – 1984 – an associate Professor of Department of World History.

1977 – 1985 – the chair of Council for preventing crimes, Faculty of History, KazGU.

1979 - a commander of student agricultural detachment of KazGU in Astrakhan region.

1979 – a winner of the competition between academic staff of KazFU.

1979 - was awarded with Diploma of Honour given by Committee of Komsomol of KazGU.

1982 – a year training course at the Institute of World History AS USSR.

1983 – defended a dissertation for a degree of candidate of Historical Sciences on subject: "The agrarian problems of ancient German society" at the Institute of World History AS USSR.

1983 - was awarded with Diploma of Honour given by Faculty of History of KazGU.

1983 – 1989 – was on the board of “USSR – GFR Society”.

1983 – a visit to GFR as a member of USSR delegation.

1983 – a deputy of the chair of Party Committee of Historical Faculty of KazGu.

1984 - was awarded with Diploma of Honour given by Faculty of History of KazGU.

1984 – 1985 – the chair of Party Committee of Historical Faculty of KazGu.

1984 – present – a member of Scientific Council of Historical Faculty, KazGU.

1984 - was awarded with Diploma of Honour of KazGU.

1985 - was awarded with Diploma of Honour given by Faculty of History of KazGU.

1985 – 1987 – a deputy - dean on academic affairs at Historical Faculty, KazGu.

1986, May - was awarded with Diploma of Honour given by CC ALCYU.

1987 - was awarded with Diploma of Honour given by Faculty of History of KazGU.

1988 - was awarded with Diploma of Honour of KazGU.

1987 – was granted an academic title of associate professor.

1987 – 1992 – the dean of the Faculty of History of KazNU named after al – Farabi, member of Scientific Council of KazNU.

1989 – a training course of deans of Historical faculties at MSU named after M.V. Lomonosov.

1990 - was awarded twice with Diploma of Honour of KazGU.

1991 - was awarded with Diploma of Honour of KazGU.

1991 – 2007 – chair of department of ancient and medieval history, KazNU named after al – Farabi.

1993 – present – on a board of journal “Herald of KazNU”, HIST.

1994 - was awarded with Diploma of Honour of KazNU named after al – Farabi.

1995 – a winner of international grant DAAD, visit to Frankfurt – on – Main, Gettingen.

1997 - defended a dissertation for a degree of Doctor of Historical Sciences on subject: “The main problems of development of ancient German societies until the the Great Moverment of Peoples”.

1997 - a winner of international grant DAAD, visit to Gettingen University.

1997 – 2000 – the chair of magistrate studies, Faculty of History of KazNU.

1998 - was granted an academic title of full professor.

1999 - was awarded with Diploma of Honour of KazNU named after al – Farabi.

1999 - a winner of international grant DAAD, visit to Gettingen University.

2000 - was awarded with Diploma of Honour of KazNU.

2001 – 2002 – the dean of the Faculty of History of KazNU.

2001 – 2003 - amember of Scientific Council of KazNU.

2001 - was awarded with breastplate of MES “For donation to the development of RK science”.

2003 - a winner of international grant DAAD, visit to Bilefeld University.

2004 - was awarded with Diploma of Honour of the Faculty of History, KazNU.

2005 - was granted the title of «The Honour citizen of Aksu district of Almaty region».

2006 – a holder of an Order “Kurmet”.

2006 - a winner of State Grant “The best teacher of the university 2006”.

2007 - a visit to Gettingen University (Germany) and University of Sapienza (Italy).

2007 - the chair of department of world history, KazNU.

2007 - a winner of international grant DAAD, business trip to Tübingen University.

2007 - was awarded with Diploma of Honour of the Faculty of History, KazNU.

The member of the Dissertation Council for the defence on Doctorate and Candidate dissertations.

Deputy Chair of Dissertation Councils for the defence on Doctorate and Candidate dissertations on specialties “World history”, “Native History”, “History of International Relations and Foreign Policy”.



**ҚР ӨҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы,  
профессор Қалқаман Тұрсынұлы Жұмағұловтың  
ғылыми-педагогикалық және қоғамдық  
қызметінің қысқаша очеркі**

Ежелгі Жетісу жері сұлу да ғажайып аймақ. Оның қуаты мәңгі қар басқан тау шыңдарынан бастау алатын сан салалы өзендерінен сарқырап құйылып жатқандай. Маржан тізбектері тәрізді мыңдаған сағалар тоғыса отырып, бұл аймақты керемет бір жер жаннатына айналдырады.

Жетісу – Қазақстанның өзіндік бір айрықша өлкесі. Ерте кезендерден адамдар осы жерде қоныстанып, суғармалы егіншілікпен және мал шаруашылығымен айналысқан, қалалар салған. Дәл осы жерде Ұлы Жібек жолының арқасында көшпелі және отырықшы өркениеттердің өзара ықпалдасу процесі неғұрлым қарқынды жүреді. Ұлы жолдың бір тармағы Жетісу арқылы жүріп, Еуразияның Шығысы мен Батысын байланыстырған болатын.

Осы өлкеде, дәлірек айтқанда, Талдықорған облысы Қапал ауданының Арасан ауылында 1948 жылдың 1 қаңтарында Қалқаман Тұрсынұлы Жұмағұлов дүниеге келеді. Оның атасы Жабықбай Жұмағұлұлы да дәл осы жерде, кезіндегі Қапал уезінде 1886 жылы дүниеге келген болатын. Қалқаман Тұрсынұлының айтуына қарағанда атасы қазақтың шежіресін жақсы білетін, әңгімешіл адам болған. Жабықбайдың алтыншы атасы Қаптағай батырдың ұрпақтарының бірі, Тәуке ханның замандасы – Шаппа би болғаны белгілі. Оның "Жеті жарғы" заңдар жинағын құрастыруға қатысқаны жөнінде мәліметтер бар (Жетісу. Энциклопедия. – Алматы, 2004. – 107 - 108-бб.) Шаппа бидің ағасы Жетісу жерінде Ақшора баба деген атпен белгілі әулие кісі болады. Бізге дейін жеткен аңыз-әңгімелерге қарағанда, ол кісі ерекше емшілік қасиетінің арқасында халық арасында айрықша құрметке ие болған көрінеді.

Жабықбай Жұмағұлов – өлкедегі ұжымдастыру қозғалысының белсенді қайраткерлерінің бірі. Оның еңбек жолындағы жетістіктері үкімет тарапынан марапатталармен, көптеген медальдармен және мақтау қағаздарымен атап өтіліп отырған, соның ішінде "Бүкілодақтық староста" М.И.Калининнің қолы қойылған Одақ басшыларының грамоталары да бар. Ол кісі өзінің адал жары Ұлтуар әжемен ұзақ, мағыналы ғұмыр кешіп, 1974 жылы 88 жасында дүниеден өтеді. Қалқаман Тұрсынұлының әкесі Тұрсын Жабықбайұлы 1925 жылы туылған, Ұлы Отан соғысының ардагері, партия-шаруашылық жұмыстарында басшылық қызметтерде болған. Қазір ол кісі арамызда жоқ. Анасы Кенжетай Батырбекқызы 1929 жылы туылған, қазір зейнеткер, ұзақ жылдар Қапал аудандық кітапхананың меңгерушісі болған. Кенжетайдың анасы Ыбыжан өлкедегі атақты кәсіпкер Маман Қалқабайұлының туған жиені. Қалқаманнан кейін Жұмағұловтар отбасында тағы да үш ұл, үш қыз дүниеге келеді, олар: Күләш (1950 ж.т.), Байжұман (1951 ж.т.), Бақытжан (1953 ж.т.), Гүлбаршын (1955 ж.т.), Күләй (1958 ж.т.), Бауыржан (1961 ж.т.). Қалқаман Тұрсынұлы өз бауырларының өмірде, қызметте жеткен жетістіктері жайлы мақтанышпен әңгімелейді. Мұнда, «Нұр Отан» ХДП төрағасының бірінші орынбасары, Қазақстан Республикасы Мәжілісінің вице-спикері, академик, профессор – Бақытжан Жұмағұлов. Күләш – Алматы облыстық салық инспекциясының бас маманы, Байжұман – Жетісу мемлекеттік университетінің шаруашылық жөніндегі жетекші инженері, Гүлбаршын – Қ. Сәтбаев атындағы политехникалық университетінің доценті, Күләй – Талдықорған қаласындағы жеке меншік нотариалдық кеңсенің меңгерушісі, Бауыржан – Астана қалалық соты Коллегиясының төрағасы.

Жұмағұловтар отбасының үлкен ұлы ретінде Қалқаман қазақ дәстүріне сай біраз уақыт атасы мен әжесінің тәрбиесінде болады. Сондықтан да бала кезінен

ол өз халқымыздың тамаша салт-дәстүрлерін санасына сіңіріп өсті. Дана халқымыздың асыл қасиеттерінің оның бойына даруына атасы Жабықбай, әжесі Ұлтуар, ата-анасы, сондай-ақ ауыл ақсақалдары мен туған-туыстары да үлес қосқан еді. Олар жас Қалқаманға адам баласының қым-қиғаш, қасіретті тағдырлары жайлы, өздері куәсі болған тарихи аласапырандар жөнінде көп әңгімелейтін. 1954 жылдан Қ. Жұмағұловтың мектептегі өмірі басталады, оның алғашқы ұстазы Мария Степановна Михеева болған еді. Кейінірек оған тәлім-тәрбие берген ұстаздарының қатарында Қапыш Мәмбетов, Айтқали Баймульдин, Құдиярхан Көшеров, Людмила Буланова, Михаил Шипилов, Мақатай Есжанов және т.б. болды. Қалқаман Тұрсынұлы өзінің ұстаздарының оның тұлғасының қалыптасуына көп үлес қосқандығын, тамаша білім бергендігін ерекше жылылықпен атап көрсетеді. Олардың ауылында атақты сауықтыру орны "Қапал-Арасан" курорты орналасқан болатын, сондықтан да облыс пен аудан басшылары жергілікті мектепке ерекше көңіл бөлді. Мұнда Алматы мен Талдықорғаннан тәжірибелі және жас мамандар да жиі жіберілетін. Қалқаман Тұрсынұлы Ермұхамбет Жылкелдіұлы мен Шолпан Немеребайқызы Қасабұлатовтардың өзіне өмірлік ұстаздар болғандығын айтып, оларға ризашылығын білдіреді.

Мектеп мұғалімдері мен сыныптастары Қалқаманның жекелеген пәндерден кейбір "төрттіктері" болғанына қарамастан, үнемі тек үздік оқығандығын еске алады. Тарих пәнінен сабақ берген мектеп директорының қызы әрі Қалқаманның сыныптасы Ботагөз Баймульдина өз әкесі Айтқали Баймульдиннің оның тарих пен қоғамтанудан, орыс тілі мен әдебиетінен үнемі үздік үлгерім көрсеткенін жиі айтып отыратынын жеткізеді... Арасан мектебінің 60-шы жылдардағы түлегі, қазір заңгер, Талдықорған қалалық сотының мүшесі Әйенов Алтай, бұрынғы санаторийдің бас бухгалтерінің орынбасары Ғалия Арыстанқызы, т.б.

мұғалімдердің Қалқаман Жұмағұловты басқа оқушыларға үнемі үлгі етіп көрсететінін айтады. Шет тілінің мұғалімі Тұрар Нұрахметова өз оқушысының неміс тілін үздік меңгергендігін әрдайым айтып жүретін. Қалқаманмен көршілес сыныпта оқыған, қазір Алматы облысы Ақсу ауданы Мәслихатының хатшысы Серікбек Серпербаев мектептегі жылдардың өзінде-ақ өз құрдасының неміс тілін өте жақсы білуіне әрдайым таң-тамаша қалатын... Оның айтуы бойынша, "Арасанда бірде-бір неміс отбасы тұрған емес. Әдетте балалар ойнап жүріп те тіл үйрене бастайды емес пе. Сол уақытта көршілес Қапал ауылында неміс отбасылары көп тұратын. Неміс ұлтының көпшілік өкілдері қазақ тілін өте жақсы білетін еді".

Қалқаман Тұрсынұлының өзі өткен мектеп жылдарын еске ала отырып, құрбылары Базарбек Тұрғанбаев, Тұрсынбай Талқанбаев, Юрий Винтовкиндермен бірге ауыл маңайын аралап жүріп Ақтасты тауы мен ежелден "Жыланды" деп атау алып кеткен жерден жартас бетіндегі кескіндер мен суреттерді тапқандығын айтады. Осының бәрі жас жеткіншектің қиялын оятып, ежелгі дәуірге, тарихқа деген қызығушылығын арттырып, тарихи өткенімізді танып-білуге жетеледі.

Арасанның 11 жылдық мектебін тамамдағаннан кейін Қ.Т.Жұмағұлов С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетіне оқуға түседі. Оның бақытына орай бұл жерде осыдан бірер жыл бұрын ғана жаңа, шет тілін меңгерген тарихшы мамандығы ашылыпты. Мұндағы оқу мерзімі басқа топтардан ерекше 6 жыл болды. Бұл бөлімге түсу сараптамасы өте жоғары болатын, Алматының ең таңдаулы мектептерінің түлектері осы бөлімге түсуге ұмтылушы еді. Қазақ, орыс бөлімдеріне түсуші талапкерлер үш сабақтан емтихан тапсырса, ал арнайы бөлімге түсушілер тарихпен бірге негізгі емтихан ретінде шет тілінен төртінші емтихан тапсыратын. Қалқаман Тұрсынұлы осы бөлімде ағылшын

және неміс тілдері бойынша 1 курста 31 адам (көбінесе Алматы қ. мектептерінің түлектері) оқыса, ал университетті арнайы бөлім бойынша небары 18 қыз бен жігіт тамамдап, іс жүзінде қос мамандық алып шыққандығын айтады. Бұл бөлімді Қ. Жұмағұловпен бірге табысты аяқтағандардың қатарында Л. Бородай, Б. Асмус, Е. Мильман, Ю. Серовайская және т.б. болды. Университетте 50 жылдан астам уақыт жұмыс істеп келе жатқан профессор Ж.О. Ибрашев осы топта оқыған балалар айрықша қабілетті студенттер ретінде есте қалғандығын, олардың сол кездің әдеті бойынша қоғамдық жұмыспен де белсенді айналысқандығын айтады.

Студент Қ. Жұмағұлов 2-курстан бастап-ақ жалпы тарих кафедрасы бойынша мамандана бастайды, бұл кафедра сол кездің өзінде-ақ университеттегі жетекші кафедралардың бірі болатын. Ең алғашқы курс жұмысын Қазақстан тарихы бойынша жазғаны Қалқаман Тұрсынұлының есінде қалыпты. Алайда 2-курста доцент Я.Д. Серовайскийдің дәрістерін тындай жүріп Батыс Еуропаның ортағасырлық тарихымен қызыға бастайды. Ұстазы оны студенттік "medium aevum" ғылыми үйірмесіне жазады. Үйірме мүшелері Батыс Еуропаның ортағасырлық тарихымен, яғни медиэвистика бойынша өз білімдерін тереңдетумен айналысты. 3-курста Қ. Жұмағұлов осы үйірменің старостасы, ал содан кейін тарих факультетінің Студенттер Ғылыми Қоғамының төрағасы болып сайланады. 1969 жылы университеттің СҒҚ Кеңесі оны Орта Азия мен Қазақстан республикаларының Фрунзе қаласында өтетін студенттік-ғылыми конференциясына баяндамашы ретінде жіберу туралы ұйғарымға келеді. Конференцияда оның "Жерге феодалдық меншіктің мәні жөнінде" атты баяндамасы І-ші дәрежелі дипломға ие болады. Келесі, 1970 жылы, "Кеңес ғалымдарының феодалдық меншік мәселесін зерттеуі" атты баяндамамен Ленинград қаласында өткен III Бүкілодақтық медиэвистер конференциясының Пленарлық

мәжілісінде сөз сөйлеген 5-курс студенті Қ. Жұмағұлов "Естелік медалімен" марапатталады. Ленинградта болашақ медиевист КСРО-ның атақты медиевист-ғалымдары, профессорлар А.Д. Люблинская, В.В. Штокмар, В.И. Рутенбург, Г.Л. Курбатовтармен алғаш рет танысқан болатын.

Арнайы бөлімде неміс тілінен мықты, кәсіби білікті оқытушылар сабақ бергенін Қ. Жұмағұлов қанағаттық бір сезіммен еске алады. Солардың қатарында Е.М.Шварцман, Д.Ф. Буш, В.А. Герман, Р.Б. Авгамбаева, Н.А. Бондарчук және басқалар бар. 1968 жылы тарих факультетінен жалғыз студент - оқу үздігі Қ. Жұмағұлов ГДР-ге, Берлин қаласындағы Гумбольдт университетіне тәжірибе жинақтауға (стажировкаға) жіберіледі. Арнайы бөлімнің студентін ҚазМУ-дың сол кездегі ректоры А.З. Закарин мен проректоры К.Г.Ахметов сәт сапар мен табыстар тілеп шығарып салады.

ГДР-дегі стажировкадан Мәскеу мен Ленинградтың және бұрынғы КСРО-ның бірқатар басқа одақтас республикалары жастар ұйымдарының өкілдері өткен болатын. Гумбольдт университетінде тәжірибе алу Қ.Жұмағұловтың неміс тілі мен тарих саласындағы білімін еселеп арттырады. Осында жүргенінде ол болашақ тарихшы-медиевистке ауадай қажет латын тілін үйрене бастайды.

Сол кездегі факультет деканы, қазір әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры Ә.Ә.Чупеков Қ. Жұмағұловтың студенттік құрылыс және ауыл шаруашылық отрядтарының жұмысына белсенді қатысқаны жөнінде еске салады. Кейінірек те университет ректоры Ө.А. Жолдасбеков пен партком хатшысы Е.А. Кузнецов жас оқытушыға осы бір күрделі жұмыс саласын сеніммен тапсырып жүрді. 1973 жылы ол Торғай облысына ҚазМУ-дың СҚО командирі етіп жіберілді. Құрылыс отрядтарының мүшелері «жалынды жауынгерлері» болған 400 студент Торғай қаласын мен ауылдарын көркейту ісімен айналысты. СҚО-ның

республикалық штаб командирі Евгений Смағұлов пен Торғай облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Бекболат Бырбаев жұмыс нәтижесі бойынша ҚазМУ студенттерінің мектептерді, тұрғын үйлер мен өндіріс объектілерін салуға қосқан үлесін жоғары бағалайды. СҚО жетекшісі Қ.Т.Жұмағұлов облыстық комсомол комитетінің Құрмет грамотасымен марапатталады. 1974 жылы Қ.Т. Жұмағұловтың тәжірибесі қалалық СҚО жетекшісі ретінде ҚазМУ қалашығы құрылысында пайдаланылды. 1979 жылы ол университеттің Астрахан облысындағы ауыл шаруашылық отрядын басқарды.

60-70-ші жылдары тарих факультеті ҚазМУ-дағы ең бір жоғары беделді факультеттердің бірі болды, оған Қазақстан мектептерінің жүздеген, мыңдаған түлектері түсуге ұмтылатын. Тарих факультетінің деканаты мен дәрісханалары Киров көшесінің бойындағы ҚазМУ-дың бұрынғы бас корпусының үшінші қабатында орналасты (бұрынғы ҚазКСР Совмині мен ЦК үйі). Қазақ, орыс, арнайы бөлімдермен қатар студенттер сондай-ақ философия мен саяси экономия бөлімдерінде оқитын. Кейінірек олар екі дербес факультет болып бөлініп шықты. Осы жерде 20 жыл бойы деканат хатшысы болған Мария Филипповна Лубенченконың тарих факультетінің көптеген түлектерінің жадында сақталып қалғандығын айтып кеткен жөн шығар. Тарихшы-студенттер тұрған Виноградов көшесіндегі 88-ші үйде орналасқан № 1 және Киров көшесіндегі 176-шы үйде орналасқан № 4 жатақханалармен байланысты көптеген қызықты жайттар еске түседі.

Студенттік жылдарында болашақ тарихшының қалыптасуына, оның кәсіби шеберлігінің ұшталуына факультет декандары доценттер А.С. Сұрапбергенов, Ә.Ә. Чупеков, тарих ғылымдарының докторы, профессор Я.Д. Серовайский, доценттер Ж.О. Ибрашев, Д.И. Дулатова, А.Н. Зайкин, Р.Ф. Смирнова, В.А. Набатова, Б.Д. Дәрішев, Б.Б. Ермұханов, Л.С. Фришман, К.П. Коржева, Қ.Л. Қосжанов, аға оқыту-

шылар Х.Б. Қалышев, К.Қ. Қожахметов, А.Ф. Асоновалар көп ықпал етті.

Сол бір өткен студент жылдарында Қалқаман Жұмағұлов өзінің болашақ өмірлік серігі София Ахметованы жолықтырады, екеуі бір курста бірге оқыған болатын. Оқу үздігі София қоғамдық жұмыстарға да белсене араласты, топ комсоргы, факультетінің "Тарихшы" студенттік газетінің редколлегия мүшесі бола жүріп, факультеттің Студенттік ғылыми ұйымы Кеңесінің құрамына кірді. Университетті тамамдау уақытына қарай олар отбасын құруға бел буады. Қалқаманның анасы жұбайымен және басқа да жақын туыстарымен бірге 1970 жылдың маусымында Талдықорған облысынан Алматыға келіп, Софияға құда түсіп кеткені жайында еске алады. «Тәрбиелі, салт-дәстүрді жақсы ұстанатын қалалық отбасынан шыққан София біздің көңілімізден шықты, міне, 37 жылдан бері біз ынтымақпен, бір-бірімізбен түсінісіп, үйлесімді ғұмыр кешіп келеміз,» - деп әңгімесін жалғастырады анасы. Үлкен ұлы мен келінінің інілері мен қарындастарына ғана емес, басқа да туған-туыстарына, жақын-жуықтарына, кейде тіпті ауылдастары мен жерлестеріне де көп көмектескендігін айтады. Сол үшін де олар Қалқаман мен Софияға өмір бойы разылықтарын білдіріп, алғыс айтумен келеді.

Олардың үйлену тойы Микоян көшесіндегі 74-үйде орналасқан Ахметовтардың шаңырағында өтті. Той салтанаты 2-3 күнге созылып, 12-14 қыркүйек күндері жалғасты, екінші күні негізінен студент-жастар жиналған болатын. Жұмағұловтардың курстастары – кейіннен "Тұран" университетінің проректоры Любовь Остренко, ғылым докторлары, профессорлар Мұрат Әбдіров пен Лилия Зайниева, ғылым кандидаттары Рафаэль Ахмадиев, Ян Байкенжин және басқалар әлі күнге дейін сол бір көңілді өткен тойды үнемі еске алып отырады...

Софияның ағасы – белгілі ұшқыш, ТУ-134 эскадрильясының командирі Жахан Тұланұлының жұбайы, бүкіл



ғұмырын мектепке, білім беруге арнаған, Қазақстан ағарту ісінің үздігі Ұлбала Қасымқызы Ахметова тойдың екінші күнінде жастардың өте көп жиналғандығын ерекше жылылықпен еске алады. Ол Жұмағұловтардың отбасы береке-бірлігі ұйыған, тамаша шаңырақ екенін айтып, сүйсіне әңгімелейді. Ұлы Санжар ҚазҰУ-дың заң факультетін және магистратурасын үздік бітіріп, қазір Бас прокуратура Департаментінде аға прокурор болып қызмет етеді. Санжар және оның жұбайы Динара Карина мен Сабина есімді екі қыз тәрбиелеп отыр. Жұмағұловтардың қызы Жанна да заңгер, Абай атындағы ҚазҰПУ-де аға оқытушы болып қызмет етуде. Ол өз әкесінің жолын қуды деп айтуға болады. Еуропалық құқық мәселелерімен айналысады, маманды Германияға конференцияларға шақырып тұрады. «Біз Жаннаны әрдайым мақтанып тұтамыз, ол қазір де шет елде іссапарда жүр,» - деп әңгімелейді Ұлбала Қасымқызы. Софияның ағасы, ұзақ жылдар Оңтүстік Қазақстан Геологиялық басқармасында бас гидрогеолог болған Ришат Тұланұлы бұл тойдың өте қызықты өткенін, қонақтар арасында Қалқаманның ғылыми жетекшісі профессор Я.Д. Серовайский жұбайы Л.С. Фришманмен бірге болғанын еске алады. Тойға қонақ ретінде Қалқаманның туыстары Ыбрайым Есенғұлұлы Маманов пен Жекен Қалиұлы Қалиевтер жұбайларымен келіп қатысқан.

1972 жылы тарих факультетінің арнайы бөлімін табысты аяқтаған Қ.Т.Жұмағұлов бірден-ақ оқытушылық жұмысқа жалпы тарих кафедрасының ассистенті қызметіне алынды. Түлектерді бөлу комиссиясының мәжілісін ҚазҰУ ректорының өзі жүргізіп, туған университетінде жұмысқа қалдырылған жас маманға табыс тіледі. С.Т. Жұмағұлова сол кездегі көпшіліктің осы жолдамамен құттықтағанын өте бір жылылықпен еске алады. Кейінірек АВПШ профессоры болған, сондай-ақ ҚазМУ-де қызмет еткен, сол кездегі доцент Б.Б.Ермұханов университет түлегін

бірден-ақ оқытушылық қызметінде қалдыру өте сирек кездесетін жағдай екенін атап көрсетеді. София Тұланқызының өзі де ҚазМУ-да қызмет жолын бастады. Ол осы жерде ҚазССР тарихы кабинетінің меңгерушісі, университет гуманитарлық факультеттері оқу бөлімінің бастығы қызметтерінде болды. Осы жерден оны Шет тілдері институтының (АПИИЯ) оқу бөлімінің бастығы қызметіне, ал кейінірек Қазақстанның Орталық музейі директорының орынбасары, бөлім бастығы қызметтеріне шақырды. 1996 жылдан 2006 жылға дейін ол қайтадан ҚазҰУ-да археология және этнология кафедрасының аға оқытушысы қызметінде болды. Мұражайтанушы-маман ретінде мұражай ісі және ескерткіштерді қорғау мамандығының қалыптасуына зор үлес қосты, ол бакалавриат пен магистратурадағы мұражайтану мамандығы бойынша Мемлекеттік білім беру стандарттарының негізгі авторларының бірі.

Міне, 35 жылдан аса уақыттан бері Қ.Т.Жұмағұлов туған университет қабырғасында қызмет етіп келеді, ал ғылыми жұмыспен 40 жыл айналысады. Университеттің "Парасат" кәсіподақ комитетінің төрайымы М. Мұқашева "Қазақ университеті" газетінде жазғандай, оның еңбек кітапшасында бір ғана жазба бар (Қазақ университеті газеті, 2002 ж. 24 қыркүйектегі № 7-саны). Ол ғылыми-педагогикалық қызметтің ассистенттен бастап профессор, декан, кафедра меңгерушісіне дейінгі барлық сатыларынан өтті.

Медиевистикаға, Германия мен Еуропа, Еуразия тарихына, жалпы әлемдік тарихқа профессор Қ.Т. Жұмағұлов әлі күнге дейін беріліп қызмет етіп келеді. "Казахстанская правда" газетіндегі мақалалардың бірінде: "Шынында да еңбегіне мардымсыз ақы төленетін өз ісіне осындай берілген адамдар (фанаттар) бүгінде азайып бара жатыр. Ал Қ.Т. Жұмағұлов сияқты қазақ, орыс, неміс тілдерінде бірдей сөйлейтін кісіні күндіз, шырақ алып жүріп таба

алмайсың. Ежелгі дәуір деректерімен тікелей жұмыс істеуге еш кедергі қалмас үшін Қалқаман Тұрсынұлы латын тілін үйреніп алды. Бұған қоса ол басқа еуропа тілдерінде де сөйлесе алады. Осындай полиглоттық қабілетпен басқа кез келген адам билік шыңына шығуға әрекет етер еді... Профессор Жұмағұлов сыртқы істер министрлігіндегі қызметке ауысудан тек оның кафедрасы міндетті түрде жабылып қалады деген қауіптен ғана бас тартты. Өйткені Қазақстандағы жалпы тарих мамандары саусақпен санарлық қана ғой..." (Казахстанская правда, 13.02.1998 ж. 13-б.).

Кеңес уақытында жалпы тарихты оқып-зерттеу орталықтың үлесіне ғана тиесілі болғаны белгілі. Оның кадрлары негізінен Мәскеуде, Ленинградта, Киевте дайындалатын. Қ.Т. Жұмағұлов ғылыми-педагогикалық қызметінің алғашқы күнінен бастап зерттеу саласы ретінде Германия тарихын таңдап алды, бұл салада ол өзінің шет тілдері бойынша білімін пайдалана алар еді.

5 жыл өткеннен кейін, 1976-77 жж. проф. Я.Д. Серовайскийдің айтуымен жалпы тарих кафедрасы оған диссертациялық ізденіс үшін ежелгі Германия тарихы бойынша тақырыбын белгілеп берді, диссертацияны ол күнделікті педагогтық қызметтен қол үзбей жүріп жазды.

1978 жылы аға оқытушы Қ.Т.Жұмағұлов ММУ-дың орта ғасырлар тарихы кафедрасына үш айлық стажировкаға жіберілді. Ол атақты кеңес тарихшылары – профессорлар А.Р. Корсунский, Е.В. Гутнова, А.Н. Чистозвонов, Н.Ф. Колесницкий, Ю.М.Сапрыкин және басқа ғалымдардан кеңес-нұсқаулар алып тұрды. 1982 жылы КСРО ҒА Жалпы тарих Институтында өткен бір жылдық стажировка кезінде ізденуші кандидаттық диссертациясын аяқтайды. Орта ғасырлар секторында, көрнекті ғалым-медиевист А.И.Неусыхиннің шәкірті аға ғылыми қызметкер (СНС) Л.Т.Мильская ғылыми жетекші ретіндегі көмегін тигізді. Келесі, 1983 жылы Қ.Т.Жұмағұлов КСРО ҒА Жалпы тарих

Институты жанындағы докторлық және кандидаттық диссертациялар Ғылыми Кеңесінде "Ежелгі германдықтардың аграрлық құрылысының мәселелері" атты тақырыпта кандидаттық диссертациясын табысты түрде қорғап шығады. Ғылыми Кеңестің төрағасы, ИВИ директоры, есімі әлемге танымал ғалым, КСРО ҒА корреспондент-мүшесі З.В. Удальцова, ИВИ ерте дүние тарихы бөлімінің меңгерушісі, белгілі антикатанушы Е.С.Голубцова, тарих ғылымдарының докторы, белгілі ғалым В.Л.Мальков, т.б. Қазақстаннан келген ізденушінің жұмысына жоғары баға берді.

